



МУХТАР АЗАЛЫ



№98
(2163)
Сәрсенбі
22 қараша
2023 жыл



Аймақтық
ақпараттық-
танымдық
басылым

Газет
2003 жылдың
5 қаңтарынан
шығады

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНА ТАРАЙТЫН ГАЗЕТ

ӘЙТЕКЕ БИ КЕНТІНЕН 220 АДАМҒА АРНАЛҒАН ҚОҒАМДЫҚ МОНША АШЫЛДЫ

Әйтеке би кентінде Қызылорда облысының 85 жылдығы және Қазалы ауданының 95 жылдығы аясында «Мирас» қоғамдық моншасы ашылды.

Нысанның ашылуына қатысқан аудан әкімі Мұхтар Оразбаев тұрғындардың қуанышымен бөлісіп, кәсіпкердің жұмысына сәттілік тіледі.

– Өздеріңіз білесіздер, халық арасында Қазалы ауданын – «Екінші Түркістан» деп атап жатады. Себебі, қазалылықтар кез келген істің көзін тауып, кәсібін дөңгелентіп отыр. Бұл өз кезегінде ауданда кәсіпкерліктің кең өркен жайып, жұмыссыздардың санын азайтуға септігін тигізуде.



Біз Сіздермен бірге Пахрадин Сражадинұлының өз қаражаты есебінен тұрғызған жаңа нысанының ашылуында бас қосып тұрмыз. Ерекше атап өтетін жайт – мұнда 12 адамды жұмыспен қамтығалы отыр, – деген аудан басшысы жеке кәсіпкер Пахрадин Өтеевке аудан әкімінің «Алғыс хатын» табыстады.

«Сыр маржаны» ЖШС директоры Мнажадин Өтеев өзінің жылы лебізін жеткізді.

Мұнан соң қонақтар моншаның ашылу рәсіміне куә болып, жаңа нысанның жұмысымен танысты.

Айта кетейік, бұл Қазалы ауданында жыл басынан бері ашылған 22-ші нысан.

АУДАН ӘКІМІ «ӨРКЕНДЕУ», «БІРЛІК», «АРАНДЫ» АУЫЛДЫҚ ОКРУГТЕРІНІҢ ТҰРҒЫНДАРЫМЕН КЕЗДЕСТІ



Аудан әкімі Мұхтар Оразбаевтың тұрғындармен кездесуі «Өркендеу», «Бірлік», «Аранды» ауылдық округтерінде жалғасты.

Ауданда жыл басынан бері атқарылып жатқан жүйелі жұмыстар аз емес. Тұрғындардың талап-тілектері оң шешімін тауып келеді. Алдағы күннің еншісінде тұрған шаруалар да ауқымды. Осы жайында баяндаған аудан басшысы көпшілікті Қызылорда қаласының 85 жылдығы және Қазалы ауданының 95 жылдығымен құттықтады.

Кезек тұрғындардың

мұң-мұқтажын тыңдауға келгенде олар өздерінің мұң-мұқтажын жасырып қалмады.

Мәселен, «Өркендеу» ауылының халқы елді мекенде балабақшаның іргетасы қаланса дейді және жайылымдық жерлердің мәселесі шешілгенін қалайды.

Бірліктегі ағайын жарық пен жол жөндеу жұмыстары назардан тыс қалмай, мәдениет үйі мен балабақша салуды ұмыт қалдырмауды сұрады.

Ал, «Аранды» жұрты жайылымдық жер мен қатты отын мәселесін

жеткізді. Оған қоса алдағы жылы болатын Жанқожа бабаның 250 жылдығына орай қандай шаралар қолға алына-тынынан хабар алғысы келді.

Аудан әкімі Мұхтар Оразбаев айтылған ұсыныс-пікірлер мен көтерілген мәселелердің ескерілетінін және алдағы уақытта

кезең-кезеңімен шешімін табатынын жеткізді. Сонымен қатар, тиісті сала басшыларына тапсырма берді.

Аудан басшысы Қожабақы аулына сапары кезінде «Айгүл» балабақшасына барып, бу қазандығының жұмысымен танысты.

Айта кетейік, халықпен кездесулерге аудандық мәслихаттың депутаттары: Күншығар Әбілов пен Райымбек Бөлебаев және бірқатар дербес бөлімдер мен мекеме-кәсіпорындарының басшылары қатысты.

БЕКАРЫСТАН БИ АУЫЛЫНДА КӨКПАР ЖАРЫСЫ ӨТТІ

Бекарыстан би аулында Қазалы ауданының 95 жылдығына орай көкпар ұйымдастырылды.

Ауыл жастарының ұйытқы болуымен өткен тартысқа Әйтеке би кенті, Қазалы қаласы, Ү. Түктібаев,

«Майдакөл», F. Мұратбаев, Жалаңтөс, «Құмжиек» және көршілес Арал

ауданынан 50-ге жуық көкпаршылар қатысты.

Ат үстінде салым салуға асыққан жігіттердің бәсекесіне аудан әкімінің орынбасары Дәурен Тлембетов қатысып, көкпаршыларға сәттілік тіледі.

Айта кетейік, аламанда 40 салым салынып, бәйгеге 700 мың теңге берілді.

СЕНБІЛІК ҰЙЫМДАСТЫРЫЛДЫ

Қазалы ауданында сенбілік ұйымдастырылды.

Аудан орталығы - Әйтеке би кентінің «Достық», F. Мұратбаев, P. Бағланова, Жанқожа батыр, T. Бөріқұлақов көшелерінен бөлек, кенттің сырт жағындағы кіре беріс қақпа айналасында тазалық жұмыстары ұйымдастырылды.

Сондай-ақ, «Қазақ қорымы» аумағындағы қоқыстар және күзгі жапырақтар жиналып, Батыс Еуропа – Батыс Қытай

автодәлізіндегі жол шеті қоқыстардан тазартылды.

Нәтижесінде 22,4 шақырым аяқ су арықтары тазартылды. Сенбілікке 1922 адам, 14 техника жұмылдырылып, 33,9 тонна қоқыстар және 24,7 тонна тұрмыстық қатты қалдықтар арнайы орынға шығарылды.

Сенбілікте аудан әкімі Мұхтар Оразбаев аудан тазалығы баршамызға ортақ міндет екенін айтты.

Қазалы ауданы әкімдігінің баспасөз қызметі

ТҰРҒЫНДАРМЕН КЕЗДЕСУ ЖАЛҒАСТЫ



Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес тоқсан сайын тұрғындармен кездесу жалғасын табуда. Осыған орай аудан әкімі Мұхтар Оразбаев «Бозкөл», «Тасарық», «Қызылқұм» ауылдық округтеріне арнайы барып, тұрғындардың ұсыныс-пікірлерін тыңдады.

Кездесулерде аудан басшысы жыл басынан бері ауданда атқарылып жатқан жұмыстарды тілге тиек етіп, алдағы жоспарларымен бөлісті. Сондай-ақ, тұрғындарды Қызылорда облысының 85 жылдығы және Қазалы ауданының 95 жылдығымен құттықтады.

«Бозкөл» ауылындағы жаңадан бой көтерген дәрігерлік амбулаторияның алдында өткен кездесуде тұрғындар өздерін

толғандырған сұрақтарынаудан басшысының назарына ұсынды. Атап айтар болсақ, бозкөлдіктер балабақша және жол қауіпсіздік кедергісін мектеп пен дәрігерлік амбулаторияның алдына орнату қажеттігін айтты.

Аудан басшысы ауыл халқының тарапынан қойылған сұрақтарға жеке-жеке тоқталып, барлығы кезеңімен шешім табатынына тоқталды.

Мұнан соң Мұхтар Әуесұлы, «Тасарық - Тасөткел» аралығындағы 13 шақырым жолдың жайымен танысты. Қазір мұнда жолға қиыршық тас төселіп жатыр. Бұған жауапты мердігер мекеме - «Қазалы Жолшы» ЖШС. Ал бұл мәселені бұған дейін ауыл тұрғындары көтерген болатын.

Алыстағы ағайынмен өткен



кездесуде тұрғындар ішкі жол мәселесін баяндады. Сондай-ақ, қазіргі күні Тасарыққа дейінгі жолдың сапасын қадағалау қажеттігін айтты.

Мектепке қатынайтын көлік, ауыл жанындағы шлюзді жабу және ауылдағы ескірген трансформаторды ауыстыру қажеттігін баяндады. Өйткені, көпшілік үшін қауіпсіздік шаралары бірінші орында.

Мұхтар Әуесұлы айтылған ұсыныс-пікірлер ескеріліп, алдағы уақытта кезең-кезеңімен шешімін табатынын жеткізді.

Аудан басшысы «Тасарық» ауылына барғанда орталық саябақ пен жаңадан бой көтерген әкімдіктің кеңсесі жайымен танысты. Содан соң «Қызылқұм» ауылдық округіне атбасын бұрып, халықпен кездесті.

«Кәукей» жұрты ауданда атқарылып жатқан жұмыстарға қанық болған соң өздерінің ұсыныстарын ортаға салды.

Атап айтсақ, жарықтандыру және ішкі көшелерге асфальт жүргізу керектігін сұрады.

Аудан басшысы тиісті бөлім басшыларына тапсыма жүктеп, барлығы кезең-кезеңімен шешім табатынын айтты. Сонымен қатар жуық арада құрылысы аяқталатын дәрігерлік амбулаторияның жұмысын көріп, тез арада аяқтау қажет екенін міндеттеді.

Айта кеткен жөн, аудан әкімі ауыл тұрғындарымен жеке қабылдау өткізіп, мәселелерінің шешілуі үшін тиісті сала басшыларына тапсырма жүктеді.

Қазалы ауданы әкімдігінің баспасөз қызметі

● Маманның кеңесі

ТҰМАУДАН САҚТАНАЙЫҚ

Жедел респираторлық вирусты жұқпалар мен тұмау – жоғарғы тыныс жолдарының жұқпалы жедел вирустық ауруы.

Тұмау жұқпасының таратушы көзі-науқас адам. Тұмау вирустары адамның тыныс жолдарында, мұрын қуысында, өңешінде өсіп-өніп көбейеді. Қоздырғыштар ауа арқылы тез тарайды, науқас адамнан сау адамға жөтелгенде, түшкіргенде, сөйлескенде, сонымен қатар науқас адамның пайдаланған заттары (ыдысы, сүлгісі, қол орамалы, кітабы, есік тұтқасы және тағы басқа) арқылы жұғады.

Аурудың жасырын кезеңі өте қысқа. Вирус ағзаға түскен кезден бастап, аурудың алғашқы белгілері білінгенге дейін 24-48 сағат қана өтеді. Тұмау басталғаннан кейін 3-4 тәулік ішінде аса қауіпті әрі жұқпалы болады. Сондықтан ауырған адамның үйде жа-

тып емделгені, не дәрігерді үйге шақырғаны дұрыс.

Тұмаудың негізгі белгілері: ауру шұғыл басталады, дене қызуы 39 градусқа және одан да жоғары көтеріледі, дене түршігіп, бас және бұлшық еттер ауырады, әлсіздік, көзі жасаурап, қызарады.

Аурудың қауіптілігі аурудан кейінгі асқыну жағдайлары. Сонымен қатар тұмау ауруы 2 жасқа дейінгі балалар, қарттар, созылмалы аурумен ауыратын науқастар арасында ауыр түрде өтеді. Ал екіқабат әйелдің тұмаумен ауруы өте қауіпті.

Тұмау ауруынан сақтанудың ең тиімді шараларының бірі- тұмау ауруына қарсы вакцина ектіру. Тұмаудың өріс алуы кезеңі алдында халықтың неғұрлым осал топтарына (60 жастан асқан адамдар, созылмалы өкпе, жүрек-қан тамыры аурулары, иммундық жетіспеушілігі бар ересектер мен балалар,

әлсіз және жиі ауыратын балалар, жүкті әйелдер) және медицина қызметкерлеріне тұмауға қарсы егу шарасы жүргізіледі. Тұмауға қарсы егілгендер арасында ауру жеңіл өтеді, асқыну мен өлім жітім жағдайлары азаяды.

Сонымен қатар науқас және оны қоршаған адамдар тұмаудың жұғу жолдарының ең қарапайым алдын алу шараларын білуі тиіс. Науқасқа күтім жүргізгенде маска тағу, қолды жиі жуу, бөлек сүлгі пайдалауды қадағалаған жөн. Науқас жатқан бөлмені желдетіп, ылғалды тазалау жұмыстарын жүргізу маңызды.

Өздеріңізге жақын адамдарға қауіп тудырмаңыз. Ауырып тұрсаңыздар балалары, екіқабат әйелдері, қарт кісілері бар үйлерге, көпшілік жиналатын орындарға бармауға тырысыңыз.

С ы р қ а т т а н у ш ы л ы қ кезеңінде мектепке дейінгі балалар ұйымдарында, мек-

тептерде, мектеп интернаттарында тұмаумен ауырған балалар мен қызметкерлері арасында бақылауды күшейтіп, оқшаулауы және балабақшаларда таңертеңгілік балалардың мұрын –жұтқыншақ аймағын қарап, дене қызуын өлшеу, ауырған балалар мен ересектерді дереу оқшаулауды қамтамасыз ету, ойын-сауық және көпшілік іс шараларды шектеу, сынып бөлмелерін әр сабақтан кейін желдету және күнделікті ылғалды тазалық жұмыстарының сапасы және жиілігін арттыруы қадағалануы тиіс.

Тұмаудың алғашқы белгілері пайда болған кезде үйде қалып, дереу дәрігер шақыртыңыз.

Саракүл ШҮКІРӘЛИЕВА,
Қазалы аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының бас маманы

● Туған жерге туынды тік!

● Кәсіпкер

БІЗ БІЛМЕЙТІН ҚАЗАЛЫЛЫҚТАР

Мен өз әуесқойлығыммен Сыр өңірінен шыққан, осы уақытқа дейін белгісіз болып келген тұлғаларға ден қойдым. Сондықтан Қазалы өңірінде дүниеге келіп, әлемнің әр тарабында қызмет етіп жүрген жерлестеріміз туралы айтпақпын.

Қазалы аудандық мәдениет бөлімінің меңгерушісі Болат Әбенұлы Жолтаев: – Сізге «Біз білмейтін Қазалылықтар» атты тақырып тауып қойдым, – деді. Менің мақалам осы тақырып жайында болмақ.

Молдова елінде жүріп, кезінде Молдованың Президенті болған Ворониннің анасының Қазалы қаласында дүниеге келгенін естідім. Бұл мені ынталандырды.

Командарм Михаил Фрунзенің Хиуаға қарсы бір дивизия әскерді Қазалы аумағында ұстап, ұзақ уақыттар бойы осында тұрғанын көпшілігіміз біле бермейміз. Ресейбилігіосыбір қолбасшыны өздері иемденіп алғанын ашық айтпақпыз. Оның ұлты гагауыз, түрік баласы екенін ұмытпағанымыз абзал. Қырғыз елінде туып, Алматыда білім алған Фрунзе гагауыз, түрік, қырғыз, қазақ тілдерін білген. Қазалыда тұрған кезінде қарамағында қызмет еткен барлық офицерлерге жергілікті қазақ халқының әдеп-ғұрыптарын, тілін сыйлауды талап еткені оның біздің халқымызға жақын екенін білдіреді.

Кезінде Қазақ ССР-і Министрлер Кеңесі төрағасының орынбасары болған жерлесіміз Ахмет Қыстауов Жапонияда өткен Бүкілдүниежүзілік алғашқы көрмеге Қазақстан делегациясын бастап барған. Осындай тұлғаны мақтаныш еткеніміз абзал. Қазір оның атында ауданымызда көше бар. Осы қайраткердің баласы КСРО Қауіпсіздік комитетінде аса маңызды қызметтер атқарады. КСРО атынан сол тұста өрт шалып тұрған Үндіқытайға барып, қалыптасқан жағдаймен танысады. Кеңес резиденті ол елге Оңтүстік Шығыс Азия елдерінің ЮНТАГ, біздің КазТАГ журналисі ретінде барады. Әли Қыстауов КСРО дипломатиялық академиясын бітіріп, КСРО-ның Камбоджа еліндегі Елшілігінде екінші хатшы болып істейді. Жерлесіміз ағылшын, орыс, француз, неміс тілдерімен қатар, әлемдегі ең қиын тіл кхмер тілін де еркін меңгереді. Әлемде кхмер тілін білетін 7 адамның бірі біздің жерлесіміз болып шығады. Ол осы түбектегі Біріккен Ұлттар Ұйымының Бітімгершілік қызметінде координатор-үйлестіруші,

бас қолбасшының орынбасары, Камбоджа радио комитетінің радио кардинаторы, комитеттің сайлау қызметінің аға офицері болып қызметтер атқарады. 1993 жылы ол елге оралып, Ресей Федерациясы Сыртқы істер министрлігінде Азиялық департаментте 1-ші хатшы болып қызмет атқарады. 2000-2005 жылдары «Филипп Морис» компаниясында Кавказ, Монғолия, және Орталық Азия елдеріндегі заңсыз айналымдағы контрабандалық өнімдерге қарсы бөлімге жетекшілік етеді. Осы жылы оқыстан белгісіз жағдайда Мәскеу қаласында қаза табады.

Ө з б е к с т а н д а ғ ы жерлестеріміз туралы. Көрші Өзбекстан елінде Социалистік Еңбек Ері, Халық Қаһарманы, облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы, Халық әртісі, министр болған жерлестеріміз көп. Қазақтан шыққан Халық қаһарманы – Ағытай Әділов. Қаһарман ағамыз 1941 жылы Қазалы ауданында дүниеге келген. 1994 жылы Қарақалпақстан Жоғарғы кеңесінің, 1999 жылы Өзбекстан Жоғарғы Кеңесінің депутаты болып сайланған. 2005 жылы Өзбекстан Президенті Ислам Каримовтың қолынан «Халық қаһарманы» атағын алған. Ағытай ағамыз Өзбекстандағы тұңғыш Халық қаһарманы атағын алған жерлесіміз. Ол Мүсірәлі қожаның кесенесін салуға сонау Қарақалпақстаннан кірпіш тасып берген.

Жүсіп Османұлы Мереев 1900 жылы Қазалы қаласында дүниеге келген. Ташкент ирригация институтын бітіріп, халық шаруашылығы саласында жауапты қызметтер атқарған. 1923 жылдары Қарақалпақстан АСР-ының Су шаруашылығы Халық комиссариатында, Қазалы су шаруашылығы мекемесінде басшылық қызметтер атқарған. Кейін Қарақалпақстан Халық Комиссарлар кеңесі төрағасының орынбасары болған.

Алдан Жүсіпұлы Мереев 1923 жылы Қазалы қаласында дүниеге келген. Өзбек ССР-і, Қарақалпақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері болған. Бұл кісі Жүсіп Мереевтің ұлы.

Қарақалпақстанның Оқу министрі, қазақ қыздарынан шыққан тұңғыш филология ғылымдарының докторы, профессор, жазушы Әзиза Нұрмаханова апамызды ұмытпағанымыз абзал. Бұл кісі жерлесіміз, жазушы Қалжан Нұрмахановтың қарындасы.



ҚАЗАЛЫНЫҢ КӘМПИТІ

Қазалы кәмпитінің негізін қалаған менің әкем Толыбай Баекеев екенін біреу білсе, біреу білмейді. Мәскеуден өнертапқыштардың жоғарғы курсы бітіріп, 28 жасында Қазалы кірпіш зауытын басқарған. Сол кездері жастарға, әсіресе әйел адамдарға арнап жұмыс орнын ашу мақсатында, зауыт жанынан «Тігін», «Кәмпит цехын» ашқан. Алайда ол цехтардың ресми құжаты болмағандықтан, цехтан шыққан бұйымдар мен кәмпитті орған қағазға «Казалинский кирпичный завод» деген жазба болған себепті әйгілі «Вокруг смеха» бағдарламасынан көрсетіліп, Қазалы кәмпиті бүкіл Кеңес Одағына белгілі болған.

Осындай өзіндік тарихы бар Қазалы кәмпитін бүкіл Қазақстанға ғана емес, алыс-жақын шет мемлекеттерге сатылымға шығарып жүрген жас кәсіпкер Нұрбек Алдажарұлы Қазбергенев.

Кеңес Одағы тарап, көптеген мекемелер жабылған соң араға жылдар салып 2012 жылы жас кәсіпкер Нұрбек Қазбергенев «Қазалы кәмпиті» цехын ашты. Бұған дейін бұл іспен сауда саласының ардагері, Нұрбектің анасы Фатима айналысқан болатын.

Бұрын кәмпит өнімі қазанда қайнатылып, қолмен өңделсе, соңғы он жылдан бері заманауи технологиялардың көмегімен кәмпитті дайындау толықтай автоматтандырылған машиналардың көмегімен атқарылады. Қазір цех толығымен заманауи құралдармен жабдықталған. Қытай, Ресей елдерінен кәмпиттерді созып, бөліп, турайтын, қағазға орайтын аппараттар сатып алынған. Техникалар жаңарған соң, өнімнің көлемі де артқан.

Өнім өндірушілер кәмпиттің бұрынғы дәмін сақтап қана қоймай, оны өндіруде жаңа технологияларды пайдалануда. Қазір цех күніне 400-500 килограмм кәмпит шығару мүмкіндігіне ие болған. Жалбыз дәмі бар ащы кәмпитке инновациялық патент алған. Сонымен қатар бөріқарақат, жалбыз, рокс, апельсин, лимон, шие және дюшес дәмі бар кәмпиттің түрлері шығарылып келеді.

Нұрбек Алдажарұлы кәсібін жетілдіру үшін еліміздегі жас кәсіпкерлерге берілетін мүмкіндіктерді пайдаланып, «Қазақстан Халық Банкі» АҚ, «Бизнестің жол картасы 2020» мемлекеттік бағдарламасы арқылы жеңілдетілген несиелер алған. Қазалы кәмпитін бренд түрінде түрлі қаптамаларда шығаруды

жолға қойды. Бұл Нұрбек Алдажарұлының жаңалыққа жақындығының арқасы. «Қазалы кәмпиті» атауымен танылған цех аймақ бойынша автоматтандырылған құралдары бар бірден-бір кәсіпорын.

Нұрбек Алдажарұлы өз өнімін жарнамалауға әсте құмар емес, керісінше кәмпиттің дәмін татқандар еліміздің қай түкпірінде жүрсе де тапсырыс беріп, кәмпитке деген сұраныс артқан. Соның нәтижесінде жас кәсіпкер Н.Қазбергенев 2014 жылы «Қызылорда облысында шағын кәсіпкерлікті дамыту саласындағы жетістігі үшін» атты өңірлік конкурсының «Үздік жас кәсіпкер» номинациясы бойынша («Қазбергенев Н» ЖК кондитерлік өнімдері) үшінші орын, Қызылорда облысының кәсіпкерлер палатасының ұйымдастыруымен өткізілген «Қазақстанның үздік тауары - 2015» өңірлік көрмебайқауына қатысып, «Үздік азық-түлік тауарлары» номинациясы бойынша жүлдегер атанса, «Қазбергенев Н» ЖК кәмпиті 2015 жылы Қазақстан Республикасы Президентінің «Алтын Сапа» байқауында «Халыққа арналған үздік тауар» номинациясын, «Қазақстанның үздік тауары-2023» жергілікті тауар өндірушілердің көрмесінде «Үздік азық-түлік тауарлары» номинациясын иеленген.

Жуырда Астана қаласында «ЕХРО» Халықаралық көрме павилионында «Қазақстанның үздік тауары-2023» көрме-байқауы өткізілді. Оған 20 өңірден 180 кәсіпорын қатысты. «Халыққа арналған үздік тауарлар» көрмесіне Нұрбек Қазбергенев басшылық жасайтын кәсіпкерлік нысанының «Қазалы кәмпиті» ұсынылды.

Түрлі облыстық, аймақтық, республикалық байқауларда жеңімпаз атанған Нұрбек Алдажарұлы Қазалы қаласының бірнеше адамын жұмыспен қамтумен қатар, цехтың әлеуетін арттырып, кәмпиттің бірнеше түрін шығаруда. Өзіміз жол жүрсек, барған жерімізге Қазалының ащы кәмпитін базарлыққа ала баратынымыз рас.

Туған жерінде адал тер төгіп, өнеркәсібін түлетіп, «Қазалы кәмпиті» брендин танытып жүрген Нұрбек Алдажарұлының кәсібі өрге өрлей берсін!

**Шәрбану
ТОЛЫБАЙҚЫЗЫ,
«Тұран-Қазалы»
газетінің
штаттан тыс тілшісі,
Қазалы қаласы**

Туған жерге туынды тік!

БІЗ БІЛМЕЙТІН ҚАЗАЛЫЛЫҚТАР

(Соңы. Басы 3-ші бетте)

Өзбекстан мен Қарақалпақстанда Социалистік Еңбек Ері атанған бірнеше жерлестеріміз бар. Олардың арасында екі мәрте (1951, 1958 жылдары) Социалистік Еңбек Ері атағын алған малшы Жабай Балимановты ерекше айтқан болар едім. Бірақ біз олармен мақтана алмадық. Қазалы ауданы туралы энциклопедиялық кітап шықты. Ең болмағанда сол кітапқа енгізе алмадық. Бұл қатарға Социалистік Еңбек Ері Қали Айдаровты қосу керек. 1931 жылғы еліміздегі сұрқия Голощекиндік саясаттың озбырлығынан Қазалыдан отбасымен үдере көшкен Қали ақсақал Өзбекстанның Кенимех ауданына барып паналап, мал баққан. Жерлесіміз 1949 жылы Социалистік Еңбек Ері атанып, 1955 жылы Өзбекстанның Жоғарғы Кеңесіне депутат болып сайланған. Қали ақсақал 1973 жылы қайтыс болған.

Шәпек Күзембаев 1906 жылы Қазалы ауданының № 12 аулында дүниеге келген. 1922 жылы Қарақалпақстанға көшіп кеткен. 1958 жылы Социалистік Еңбек Ері атағын алған. Ленин, Октябрь Революциясы, «Еңбек Қызыл Ту», төрт мәрте «Құрмет белгісі» ордендерімен марапатталған.

Жүсіп Қорабаев 1907 жылы Қазалы ауданында дүниеге келген. 1916 жылы Ұлт азаттық көтеріліс кезінде Өзбекстанның Кенимех ауданына көшіп барған. Малшы, Социалистік Еңбек Ері атағын алған.

Жаңабай Мырзалыұлы Қазалы ауданында дүниеге келген. 1930 жылы Өзбекстанның Кенимех ауданына көшіп барған. 1948 жылы Социалистік Еңбек Ері атағын алған.

Біз осы уақытқа дейін 5 қазалылық Социалистік Еңбек Ері бар деп жүрміз. Ауданның тұлғалар картасына саяси түзетулер енгізу керек. Біздің немқұрайлығымыздан ұрпақтың санасы, жады көнеріп қалады. Ал жадыны пышақ сияқты қайрап тұру керек. Кезінде кімнен кеткен қате екенін әлі түсіне алмай жүрмін. Себебі, күні кешеге дейін біз жаттап өскен неміс қызы Наталья Геллерт Қазалының тумасы. Дипломат, Қазақстан Парламентінің екі шақырылымының депутаты болған келіндеріңіз осы Қазалы ауданында туғанын әлі мақтаныш етеді.

Қазақ ССР Жоғарғы сотының төрағасы болып, 1937 жылы жазықсыз атылған, жерлесіміз Қазмағамбет Күлетов. Әділет министрі болып тұрғанда 1937 жылы халық жауы деген жаламен жазықты болған Оразғали Бораев туралы жан-жақты білмейміз.

Қазақстанның, Қарақалпақстанның Халық әртісі Жұмабай Медетбаев «Қымызхана» бағдарламасындағы «Түбің түскір» дейтін азамат – Қазалы ауданында дүниеге келген.

Мына бір туысқанымызбен де

мақтана аламыз. 2021 жылы Өзбекстан Республикасының Президентінің Жарлығымен осы елдің Халық әртісі атағын алған Жеңісбек Пиязов өзін қазалылықпын деп мақтанады. Жеңісбектің әкесі Өзбекстанның еңбек сіңірген қайраткері.

1906 жылы Қазалы ауданында дүниеге келіп, өмірінің соңына дейін Қауіпсіздік саласында жауапты қызметтер атқарған Дүкенбай Түменовті білмесіміз анық. Ұзақ уақытқа дейін құпия болып келген бір азаматты айтпасам тағы болмас. Стратегиялық уран кенін ашқан КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты атағын алған азаматтың аты-жөнін айтуға дәтім бармай тұр. Бұл ағайындарының өтініші.

Айтпақшы, Қазақстан халқы Ассамблеясы хатшылығының меңгерушісі, Ассамблея төрағасының орынбасары Марат Әзілханов 1965 жылы Қазалы ауданында дүниеге келген.

Енді мынаған назар аударып көрейік. Мәселен, Ресей тарихшыларының өзге халықтардың тарихына империялық тұрғыдан қарайтынына мына бір факті себеп болып тұр. Қазір Ресей патшалар кезіндегі тарихын Ресейдің ең даму кезеңіне жатқызып, кеңестік кезеңнің бәрін жоққа шығарып тастады. Осы тұстағы атақты адамдардың өмір сүрген ортасы мен дүниеге келген жерін айтпауға тырысады. Мен атаман Дутов туралы ұзақ зерттеулер жүргіздім. Оның дүниеге келген жерін Американың атақты адамдар өмірбаян дерегінен таптым. Ол өз қолымен толтырған өмір баянында өзінің Қызылорда облысы, Қазалы қаласында 1879 жылы 5 тамызда казак офицері, есаул Илья Петровичтің отбасында туғанын жазыпты. Оның Орынбордағы дивизиясында кіл қазақ жауынгерлері қызмет еткен. Дутов ғылымға да ден қойған. 1904 жылы Николаевскідегі әскери академияны бітірген соң, Орынбордағы казактардың әскери училищесіне мұғалім болып орналасады. Орынборға ұлы ақын Пушкиннің келуі жөнінде материалдар жинап, оны бір жүйеге түсіреді. Қазақ даласының әніне, үніне ден қойған, туған жерін сүйген.

Осыдан 5 жыл бұрын Дағыстанға сапармен бардым. Ол кезде Дағыстан Жоғарғы кеңесінің басшысы, генерал-полковник Владимир Абдуалиевич Васильев деген ұлты қазақ, негізі Шымкенттік саясаткер болатын. Қабылдауына жазылғаным сол еді, канцелярия басшысы мені бір адамға апарып жолықтырды. Ол отставкадағы 1-ші рангалы капитан, әскери журналист болып шықты. Менің қызылордалық екенімді біліп, өзінің Қазалы қаласында 1946 жылы дүниеге келгенін айтты. Ұлты ноғай азамат

қазақшаны да таза біледі екен.

Енді Ғани Мұратбаев туралы, оның белгісіз жағдайдағы өлімі туралы айтсам деймін. Троцкиймен болған шайқасын.

2005 жылы сәуір айының 18-де бір топ журналистер Мәскеуге барып «Агентство РИА НОВОСТИ» агенттігінде онкүндік тәжірибеден өттік. Осы сапарымызда жаңадан құрылып жатқан ОДКБ ұйымында тренингтен өттік. Бізге кітаптар, түрлі кәде сый жәрменкесін ұйымдастырды.

Комсомолдың 100 жылдығына орай Мәскеуде ЦК ВЛКСМ-нің архив материалдарына үңіліп, осы жерден мына бір біз білмейтін фактілерге кенелдім. Ғани Мұратбаевтың өлімі Троцкийдің ықпалымен болғанын айтуға болады.

Ермек ЗӘНГІРОВ,
Халықаралық ақпараттар
академиясының
академигі

Отбасы, әйелдер және балалардың құқықтарын қорғау мәселелері бойынша «AMANAT 111» БІРЫҢҒАЙ МЕМЛЕКЕТТІК БАЙЛАНЫС ОРТАЛЫҒЫ

♥ ЕГЕР СЕНІ ҰРЫП-СОҚСА

♥ ЕГЕР САҒАН КӨМЕК КЕРЕК БОЛСА

♥ ЕГЕР СЕНІ БІРЕУ ҚОРҚЫТСА НЕМЕСЕ РЕНЖІТСЕ

♥ ЕГЕР ӨЗІҢЕ НЕМЕСЕ ДОСЫҢА ҚАҰІП ТӨНІП ТҰРСА

111 нөміріне хабарлас

Қоңырау шалу арқылы өзіңнің немесе жақыңдарыңның өмірін сақтап қаласың!

Қоңырау шалу тегін!



Сіз өмірлік қиын жағдайдағы отбасын білсеңіз

Сізге тұрмыстық зорлық-зомбылық фактілері белгілі болса

Балаларға қауіп төндіретін нысандарды көрсетіңіз

111
нөміріне
хабарласыңыз

Қазалы ауданының әкімдігі, аудандық және ауданнан сайланған облыстық мәслихаттың депутаттары, аудандық қоғамдық, ардагерлер кеңесі аудандық мәслихаттың депутаты Сарабеков Әділбек Сербайұлының туған ағасы

САРАБЕКОВ ДӘУЛЕТ
СЕРБАЙҰЛЫНЫҢ

мезгілсіз қайтыс болуына байланысты отбасы мен туған-туыстарының қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

Марқұмның топырағы торқа, жаны жәннатта болсын!

Меншік иесі: «ТҰРАН-ҚАЗАЛЫ»
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

ДИРЕКТОР
Нұрбол ӘЛМӘМБЕТОВ

БАС РЕДАКТОР
Раушанбек СЕЙТЕНОВ

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат Министрлігінде 2004 жылғы 15 наурызда тіркеліп, №4801-г куәлігі берілген

Газет аптасына екі рет: сәрсенбі және сенбі күндері шығады.

Газет «Тұран-Қазалы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің баспаханасында компьютермен теріліп, беттеліп, офсеттік тәсілмен басылды.

Редакция мен баспахананың мекен-жайы: 120400, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Қ.Пірімов көшесі, №14 үй.

Телефондар: директор - 2-17-49, бас редактор - 2-47-77, бухгалтер -2-60-94, факс 8 (724-38)2-17-49.

Тарату аумағы: Қызылорда облысы.

Газет табыс етілмесе, 2-13-91 телефонына хабарласуға болады.

Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

E-MAIL: tooturankazaly@mail.ru

Таралымы 11097 дана.